

Балуаның автордың сөзімен айтқанда «жындылау» Исаға қайрат көрсетпей, тек «бақыра» беруі де Қажымұқанның «батыр аңғал келеді» дейтін мақалына сай келетінін дәлелдей түседі. Бұлардан басқа да түрлі мінез-құлық ерекшеліктерін суреттеп, сипаттау арқылы жазушы кейіпкер бейнесін ашып, нақтылап отырады. Ондай таныту тәсілдеріне авторлық баяндаулар емес, кейіпкердің ерекше бір қылығын сипаттау арқылы қол жеткізеді. Мысалы: «Исаның қалғымаған шақтағы әдеті - әлдекімге өшігіп, байланысып алады да, жыланды аңдыған мысықтың көзіндей өткір, кішкене қара көзін айырмастан тесірейе қарап қояды. Анау адамның тұрып кетпеске амалы болмайды».

Қорыта келіп айтарымыз, Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі» трилогиясының тілдік ерекшелігі өзінің қалыптасу, даму жолында талай таптық тілектердің елегінен өткен. Шығарманы зерттеу барысында көптеген ғалымдардың пікірлерін, еңбектерін пайдаланып, салыстыра отырып қарастырсақ, трилогияның қай бөлімін алсақ та әр түрлі көзқарастардың барлығын аңғартады. «Өмір мектебі» трилогиясының қазақ, ұйғыр, орыс арасындағы түрліше нұсқаларының түрлі варианттарының тақырыптары бір болғанымен оқиғаның даму жолдары, композиция құрылыстары, шарықтау шегі, шешулері әр басқа.

Әдебиеттер

1. С.Мұқанов. Өмір мектебі. I кітап. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1953. – 366 б.
2. С.Мұқанов. Өмір мектебі. II кітап.- Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1953. – 520 б.
3. С.Мұқанов. Өмір мектебі. III кітап. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1953. – 504 б.
4. С.Мақпыров «Жұмбақ жалау» романының жазылу тарихынан. // С. Мұқанов тағылымы. - Алматы: Жазушы, 1990 – 380 б.
5. Г.Ержанова. Өмір мектебі романындағы кейіпкер бейнесі.- // Қазақ әдебиеті, - 2010, №2
6. Қ.С.Ергөбеков Сәбит Мұқановтың творчестволық лабораториясы: докт.дисс., - Алматы, 1995 - 22 б.
7. З. Қабдолов. Сөз өнері. - Алматы: Мектеп, 1976 – 373 б.
8. Т. Кәкішев Сәбең әлемі. – Алматы: 2000. – 271 б.

АНТИКА МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ БАТЫРЛЫҚ ҚАҒАРМАНДЫҚ ЖЫР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІКТЕР

Момбекова Айнұр, Сүлеймен Демирел университеті

Түйін. Бұл мақала қазақ әдебиетіндегі архайкалық батырлық жырлар мен антикалық грек әдебиетіндегі Гомердің «Иллиада» мен «Одиссей» жырларындағы үндестіктерді салыстыра зерттеуге байланысты. Екі елдің батырлық дастандарындағы ұқсас мотивтер мен кейіпкерлер образы типологиялық әдіспен салыстырылып қарастырылды.

Abstract. This work is devoted to the study of Kazakh antique folklore motives. Method of research is historical-typological, comparative with the use of antique Greek-Rome materials. It has been determined that Kazakh folklore in comparison with the Homer's poem.

Трояндық цикл мифтері гомерлік «Илиада», «Одиссей» эпостарының негізін құрайды. «Гректердің «ерлік дәуірі» біздің дәуіріміздің бұрынғы XIII-XII ғасырларда, Гомер заманда болған», - дейді Әлкей Марғұлан. «Илиада», «Одиссей» жырларының авторы грек аэды Гомер болып саналады. Гомердің шығармашылығының негізінде халықтың бай әдебиеті жатыр. Бұл эпостардағы оқиғалар желісі Трояндық соғыс циклінен алынады. Яғни болған оқиғалардың

желісіне құрылған.Трояндық соғыс б.д.д XIII-XII ғасырларда болуы ықтимал, бірақ бұл соғыс жөніндегі аңыздар ауызекі мұраларда оншақты ғасырлар бойы құрастырылып, аэрттардың жеткізу мәнеріне қарай әдеби көркемдік формаға айналып, тарихи фактілер жалпылама бейнелеулерге ұшырап, оларға да мифологиялық элементтер енген. Осы арқылы екі ірі эпикалық поэма пайда болды. Бірі – әскери-қаһармандық «Илиада» мен тұрмыстық ертегі тұрғысындағы қаһарман туралы «Одиссей» жыры. Ежелгі эпосық жырлар ғасырлар бойы аэрттер мен рапсодттардың арқасында ауыздан ауызға тарап кейіннен қағазға түскен болатын. Эпикалық жырларды сөз еткенде рапсодттар мен аэрттарды айтпай кету мүмкін емес. Рапсодтар туралы алғашқы деректер б.з.б. VI ғасырларда, Афинада Гомер поэмаларын орындау әдетке айналған кезден бастап кездестіруге болады. Платонның «Ион» атты еңбегінде рапсодттар жырларды ойдан шығармайтыны тек қана оларды орындаушы екені, олардың Афинада мереке қарсаңында туындының белгілі бір бөлігін ғана шырқағаны туралы деректер айтылады. Ал аэрттер болса жырларды орындаушы ғана емес сонымен қоса сол жырлардың авторы болып табылады. Олар өзінің туындыларын лира, форминг немесе кифарамен сүйемелдеп шырқаған болатын. Одиссей аэд Фемийді де өлтірмек болғанда, ол өзіне кеңшілік жасауын сұрап: «Бауыздасаң, құдай мен адамдарға арнап өлең айтқан аэртті өлтіргенің үшін кейін өкінерсің», - деп ескерту айтады. Бұл арқылы аэрттердің аса зор құрмет пен беделге ие екендігі байқалады. Рапсодтар мен аэрттардың қызметі қазақ халқындағы жырау мен жыршыға көбіне ұқсас болып келетін секілді. Қазақ эпостарын да жыраулар шығарып, елге таратақан болатын. «Олар өткен заманда халықтың жазу өнері болмаған кезде, өздерінің жырларын ауызша шығарып таратқан, сондықтан да қазақ эпосының ең көне үлгілері сақталмаған. Көпшілігі ұмытылған, ал кейбіреулері фольклордың басқа түрлерімен қосылып кеткен. Олардың бәрі де белгілі бір тап өкілі болған, оның таптық идеясын, қоғамдық көзқарасын, арман-мүддесін жырлары арқылы білдіріп отырған»[13;137]. Қазақ халқында да жыраулар аса жоғары мәртебе мен құрметке ие болған. Әрбір ханның жанында ханға кеңес беріп, ханның ағат кеткен тұстарын түзетіп отыратын, қиын сәтте ақыл айтып, данышпандығымен ел есінде қалған Бұқар, Қазтуған, Базар, Ақтамберді, Шалкиіз сынды жыраулар аз емес. Ер Тарғын жырында Ханзада ханға ашулы батыр Қырымға аттанып қырық жолдасымен еліңді шабамын дегенде Ханзада хан Сыпырадан ақыл сұрай келгені айтылатын тұс бар. Жырда Сыпыра жырау «Ол Сыпыра жырау өз өмірінде қолынан тоғыз ханды өткізіп, толғау айтып тоғыз ханды түзеткен кісі еді» деп сипатталады. Мұнан біз қазақ халқындағы жыраулар тек батырлық жырлардың авторы ғана емес, жырымен елді түзеткен, хан мен қараға ақыл айтып, жол көрсететін дана бабалар болғанын байқаймыз. Әсіресе «Қырымның қырық батырын» жырлаған Мұрын жырау қазақ даласының Гомері іспетті.

«Илиада» жыры Троя соғысының желісінде баяндалса да, мұнда басты назар Ахилдың ашуын аударылып, жырдағы оқиғалар Ахилдың ашуымен байланысты өрбиді. Соғыс – Илиаданың басты тақырыптарының бірі. Жырдың «Иллиада» деп аталу себебіне тоқталар болсақ, «Гелеспонттағы Трояның басты қаласы Иллионда (Иллион – Ил батырдың құрметіне қойылған есім. Зевстің ұлы Дардан мен Плейдалар әулеті Электраның немересі Трос болса, Трояның негізін қалаған оның ұлы Ил болатын. Сол себептен де гректер Трояны Иллион деп атайтын)»[5;222]. Соғыстағы қарапайым халықтың шайқасынан гөрі атақты батырлар арасындағы жекпе-жекке көп назар аударылады. Соғыстың ортасында жүріп, барлық қатыгездік пен қанішерлікті өз көзімен көрген, басынан кешірген аэрттер уақиғаларды шынайы әрі көңіл толқытарлықтай етіп бейнелей білген. Гомер сюжеттер арасында ахейліктердің не трояндықтардың әскери күшін сипаттаумен, Еленаның ахейлік батырларға мінездеме беруімен оқиғаның баянын анықтап шегініс жасап отырған. Гомердің «Илиадасы» Ахилес, Гектор, Агамемнон, Менелай секілді батырларға сөзден соғылған ескерткіш іспетті. Илиададағы әрбір батыр бейнесі грек халқының рухы мен ұлттық болмысының бір қырын көрсететін кейіпкер болып табылады. «Кейіпкердің мықты болып көрінуі оның ру-тайпасының да соншалықты күш қуатты екендігін танытады. Қазақтың эпикалық дастандарын да да батыр бір өзі ерлік жасап, жауға шапса да күллі елінің атағын шығарып, батырлығын дәріптейді. Бір батыр арқылы бүкіл елдің күш-қайраты, батырлығы мен батылдығы елге тарайды. Мысалы: Қаракерей Қабанбай, Қоңыраттан

шыққан Алпамыс, Қарақыпшақ Қобыланды т.с.с батыр өзі жалғыз болса да оның артында тілеуін тілеп, құрмет тұтатын, онымен санасатын елі, халқы болады. «Иллиадада» мемлекетті қорғау көптің парызы болып саналады. Ал қазақ ауыз әдебиетіндегі архайкалық «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр» жырында ру-тайпа мүддесін қорғау- эпикалық қаһарманның міндеті болып табылады. Мұның себебі: «жырдағы оқиғаларды басты кейіпкерге құрып,оны дамыта айтады, яғни тізбектеп те жырлайды. Оқиғаны тізбектеп айту, бірінен екіншісін тудырып, ұлғайта жырлау ақын жыршылардың көбірек қолданған әдісі болған. Осы әдісті қолдана отырып, олар батырдың ерлік образын жасаған»[13;136]. «Иллиадаға» қарағанда «Одиссеяның» ерекшелігі бар, мұнда жеке кейіпкердің мақсаттары мен мүддесі бірінші орынға қойылады.Одиссей жыры да біртұтас оқиғалардың бірлігімен ерекшеленеді. Оның тақырыбы – көпті көрген айлакер батырдың отанына оралуы жайлы. Эпостың мазмұны екі бөлімнен тұрады. Біріншісі- Одиссейдің Калипсо аралынан кетіп, Алкиной патшаның аралына келуі; Екіншісі –батырдың отаны Итакаға оралуы мен үміткер күйеулердің жазасын бергені жайлы;Бұл әдеби сүйреткерлік әдіс ежелгі грек аэрттерінің поэтикалық шеберлігінің жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Сонымен қоса Белинский Гомер поэзиясы жайнда «Оның (Гомердің) сүйретшілік шеберлігі балқытатын пеш секілді, халықтың өңделмеген даналығы мен поэтикалық жырларындай қатты кенді балқытып алтынға айналдырды» деп жоғары баға берген болатын. Екі туындыда да грек тайпаларының тұрмыс тіршілігі мен жағдайы, тарихи оқиғалар жайлы мәліметтерге бай.

Гекуба, Андромаха, Елена,Брисеида, Пенелопа, Навсия, Калипсо секілді әйелдер бейнесі қос эпоста да елеулі орын алады.Тіпті Трояндық соғыстың себебі де гректерден Паристің Еленаны ұрлап кетуі еді. Қазақ жырларында да әйелдер образы батырдың алғашқы ерлік жасауына бастау болатын мотивтердің бірі болып табылады. Батыр алғашқы ерлігін көбінесе айшылық алыс жерлердегі қалыңдығын іздеп жолға шығуы арқылы, жолдағы барлық кедергілерді жеңіп еліне оралуымен аяқталады. Эпостық жырларындағы батырдың тандаған жары да ақылына көркі сай, сұлу да сымбатты, ақылды әрі дана батырдың жары әрі жолдасы, сырласы болып келеді. Пенелопа алыс сапарға аттанған жолдасын талай жылдар бойы күтіп, өзгеге тұрмысқа шықпаудың сылтауын жасап, өрмек тоқи бастайды. Күндіз тоқыған өрмегін түнде тарқатып, уақытты ұзартып, күйеуіне деген адалдығын танытады. Ал «Ер төстік» жырында да батырдың жары Кенжекей ері жолға аттанарда «өз белін он екі құлаш торғын орамалмен тартады. «Не Тарғын өлген кезде, не Тарғын келген кезде шешіл» деп серт қылады». Әйелдердің өрмек тоқып оны сөгудегі, беліне орамал орап серттесудегі негізгі мақсаты күйеуіне адал болудағы ниетінен туындайды.

Гомер эпостарында кездесетін сюжеттердің біразы басқа да халықтардың эпостық жырларындағы мотивтермен сарындас болып келеді.Әсіресе «Одиссей» жыры мен қазақтың «Алпамыс» жырының ұқсастықтары көңіл аудартарлық жайт.Әйелінің тойының үстінен шығатын мотивтер француз, неміс, ағылшын, италян, испан, скандинав, орыс, славян, венгер, румын әдебиетінде түрлі жанрларда кездеседі. Бірақ бұлардан гөрі Алпамыс жыры мен Одиссей эпосындағы әйелінің тойының үстінен шығатын сарын арасындағы ұқсастықтар бір біріне едәуір жақын. Ежелгі грек эпосының негізінде әдемі жарынан жыраққа кететін, келгенде бірін-бірі кейін сақинадан не тағы да басқа бір белгісінен танитын романтикалық мотив, елден жыраққа кеткенде үйіне не еліне кіріп алған басқыншылардан үйін не мемлекетін қорғайтын оқиғалар желісі жатыр. Одиссей жиырма жыл өзге елде жүреді. Адал жары Пенелопа баласы Телемахты өсіріп, үйіне баса көктеп кіріп, байлықтарын судай шашып жатқан адамдарға қарсы тұратын күші жоқ болғандықтан үмітін үзбей жиырма жыл бойы Одиссейді күтумен болады. Батырдың әкесі Лаэрт болса кедейшілікте, құлдармен бірге өмір сүріп жатады. Батыр еліне оралғанда бірден өзінің кім екенін білдірмей, құлдардың туыстарының өзіне адалдығын тексермек болып, кедей кезбе кейпіне енеді. Оған шошқа бағушы Эвмей көмекке келеді, ал батырды кішкене кезінен бағып өсірген күтуші Эвриклея болса оның аяғындағы тыртығынан танып қояды. Ал «Алпамыс» жырында да жоғарыдағы айтылған оқиғаларға сай сюжеттермен қоса ұқсас кейіпкерлер образы да кездеседі. Мәселен жалғыз баласынан айрылып кедейлік пен құлдықта өмір сүретін кәрі әке бейнесі (Байбөрі мен Лаэрт), басқыншылық көрсетіп, әкесінің жоқтығын пайдаланып, анасын әйелдікке алмақ болған күйелерден жапа шегіп, әкесін күткен ұл бала бейнесі (Жәдігер мен Телемах), иесіне

адал, кәрі бақташы құл бейнесі (Құлтай (алайда «Алпамыс») жырында Құлтай Алпамыстың туысы болып келеді) мен Эвмей) мен олардың оқиғадағы алатын орны мен атқаратын қызметі бір-біріне өте ұқсас. Алпамыстың да Одиссейдің де елге оралғанда өздерінің кім екенін білдірмей кедей кезбе бейнесіне енуіндегі басты мақсат елдің жай-күйін, қоластындағы адамдардың қаншалықты адалдығын, өзін ұмытып кеткен сатқындарды анықтау болып табылады. Аса көңіл аудартатын ұқсас детальдар – Одиссейдің сарайында өзін бала кезден күтіп-баққан кәрі күтушісі Эвриклея мыс шылапынға су құйып, аяғын жумақ болғанда, аяғындағы тыртық арқылы Одиссейді танып қойса «Алпамыс» жырында Алпамыстың бабасы Құлтай

«Қарағым менің нар еді,
Издегені ар еді.
Белгісін айтып берейін,
Жаурынының үстінде

Дөңгелек қалы бар еді», - деп Алпамысты жаурынындағы қалынан тани кетеді. Одиссей Трояға аттанғанда дүниеге келген ұлы Телемахты күйеусымақтар намысына тиіп, әбден мүшкіл халге ұшыратса, Алпамыстың ұлы Жәдігерді Ұлтан көзін құрту мақсатында көкпарға тартады. Одиссейдің қартайған әкесі Лаэрттің бейшара күйде құлдардың арасында тіршілік етсе, Алпамыстың әкесі Байбөрі де Ұлтанның айтқанын орындап, құлдықта жүріп, басынан қиыншылық жағдайды өткізеді. Екі жырдағы ұқсас детальдардың ішінде екі батырға үнемі қамқор, қолдау жасап жүретін құдырет иелері жырдың арасында кездесіп отырады. Мәселен, Одиссейге бірде Зевс көмектесе, бірде Гермес қолдап отырады, бірақ солардың ішінде көбіне көмек беріп қолдап отыратын – Афина Паллада. Афина палада түрлі адам бейнесіне еніп Одиссейді қолдап, ақыл айтып жол да көрсетіп кетеді. «Алпамыс» жырында Байбөрі мен Аналыққа, Алпамысқа қамқор болған құдіретті күш иелері – Тәңір, Баба түкті Шашты Өзіз, Ғайып ерен қырық шілтен үнемі басы-қасында болып, қолдау көрсетіп отырады. Көбінесе түрлі шайқастар мен батырдың басына тар заман түскенде үнемі ғайып ерен қырық шілтен жар болады. Жырда оның Алпамысқа жәрдем болғандығы:

«Сол уақытта батырға
Атса — мылтық өтпеді,
Шапса — қылыш кеспеді.
Ғайып-ерен қырық шілтен
Қолтықтан сүйеп, демеді.
Суға салса — батпады,

Ұйқыдан бала қайтпады», - деген жолдармен беріледі. Тек «Алпамыс пен Одиссей» жырында ғана үйіне қайта оралып үміткер күйеулермен сайысқа түсіп, батырдың садағын тартып нысанға тигізу оқиғасы сақталып қалған. Біз білетініміздей «Алпамыс» жырының түркі тектес халықтарда бірнеше нұсқалары кездеседі. Соның ішіндегі оғыз нұсқасындағы Бамсы Байрек (Алпамыс) сайысқа түскенде өзінен басқа ешкім тарта алмайтын садағын алдырғаны, содан кейін «Бектер сіздерге деген құрметім үшін оқ атайын, - деді. Күйеудің қолындағы жүзігін нысана ғып атты. Оның оғы жүзікке тиіп, қақ бөлді. Оғыз бектері мұны көріп, алақандарын шапалақтап күлісті» деген сәттер грек халқының жырында Одиссейдің ешкім иіп тарта алмайтын берік садағын тартып балта сабындағы жүзік сынды дөңгелек нысандарды көздеп жебесін өткізгенімен сарындас. Бұл ұқсастықтар жайлы В.М. Жирмунский «оқиғалардағы батырдың садағының атқаратын ролы батырды сынаумен қатар салт – дәстүр мен күнделікті тірліктегі жаугершілік өмірді сипаттау болып табылады. Батырдың мықты садақты иіп жебе атуы батырдың ерлігі мен күшін, сонымен қатар батырдың ақыл тоқтатып жетілгендігінің белгісі. Сондай-ақ садақ тарту ерліктің, күштің символы ретінде неке қию салтында маңызды роль атқарған секілді» [1;329]. Сонымен бірге Қобыланды батыр жырында да Құртқа сұлуды ай астындағы бақанға ілулі алтын теңгені садақ оғымен атып түсіргенге беремін дейді. Байқасақ мұнда да садақ тартып оқ ату үйлену салтымен байланысты қолданылып отыр. Екі жырда да батырдың Отанына оралуы, билік үшін талас, үйін елін басқыншылардан қорғаудағы батырлық ерліктер арқылы сипатталады. Бұл ретте «Одиссей» мен «Алпамыс» жырларындағы ұқсастықтарды саралай келіп Гомер эпосы орта азиялық

«Алпамыс» жырына әсерін тигізген деген пікірді ұстана алмаймыз. Талай жылдан бері халық ауыз әдебиеті арқылы таралып отырған жырлар негізін өте ертеден келе жатқан, басқа да халықтардың фольклорына ортақ ертегінің сюжетінен алынған болуы керек» деген ой тастайды. Аталған жырлардағы оқиғаларды қарапайым сәйкестік дегеннен гөрі, екі жырлардағы аналогиялық фактілерге сүйене отырып, антикалық әдебиет пен орта азиялық мәдениеттің арасында қандай байланыс болды деген сұрақ туындайды. Нақтырақ айтсақ шығыс әдебиеті мотивтерінің грецияға әсерін анықтауға болатын секілді.

Қазақ эпостарындағы батырлар отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын ерекше күшке ие, бір өзі мыңға шабатын күші бар мықты, әрі батыл боп келеді. Олардың мұндай қасиетке ие болуының себебі: олар құдайға жалбарынып, әулие-әмбиелерді аралап, талай жыл күттіріп тілеп алған перзент. «Алпамыс» жырында бұл сарын:

Байбөрі осылай деп жүрді жылап,
Құдайдан күні-түні бала сұрап.
Сүйегі сырқырайды Байбөріге,
Бұл сөзді есіткен жан салып құлақ.
Көз жасы Байбөрінің бетін жуды,

Көрмей-ақ өтем бе деп үйден дуды», деп зарлаған Байбөрінің наласы арқылы көрініс табады. Түркі эпостарындағы болашақ батыр міндетті түрде ғажайып туу сарыны бойынша дүниеге келуі керек. Жоғарғы күштер араласқаннан кейін дүниеге келген бала, ерлік жасарында, жауға қарсы шапқанында, не қысылтаяң кез болғанда оларды ылғи қорғап-қолдап жүретін иесі, жебеушісі ғайып ерен қырық шілтен болады. Ал грек эпостарында атақты батырларды тәңірлер мен тәңіриелер қолдап, оларды қорғап жүреді. Тіпті Ахиллес теңіз тәңіриесі Фетиданың баласы, ал Гектор Приамның баласы болса да жырдың он үшінші тарау, 52-53 жолдарында «Здесь распыхавшись, как пламень стремительный, Гектор предводит, Гектор, себя величающий сыном всемогного Зевса!», деп оның өзінің Зевстің ұлы екеніне мақтанатынына көңіл аудартады. Тіпті талай ерлік жасаған Геракл да, қарапайым адам емес жартылай адам жартылай құдай, Зевстен туылған бала болып есептеледі. Жырда Фетиданың ұлы, батыр Ахилестің денесіне оқ дарымайды, қылыш кеспейді. Себебі анасы батырды нәресте кезінде Стикс өзеніне малып алған, тек оның табанынан ұстап тұрған жерге ғана су тимей қалады, сондықтан да оның әлсіз жері өкшесі болып табыла деген мифологиялық түсінік бар. Бұл қазірде көп қолданып жүрген «Ахилес өкшесі» деген тіркестің тууына негіз болған. Әдебиет әлемінде кеңінен тарап, жиі қолданысқа түсетін символдық, метафоралық, теңеу, аллегориялық көркемдік құралдарға негіз болған мифтік бейнелеулер аз емес. Мәселен «все дороги ведут в Рим» мен қазақ халқының «бара жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген қолданыстардың мәнін М.Иманғазин ашып көрсеткен болатын. Сонымен қатар антикалық грек мифологиясы мен жырлардан алынған метафоралар қатарына «бүлік алмасы» (ұрыс-керістің себебі, Афина, Гера, Афродита «ғажайып сұлуға» бұйыратын алтын алмаға таласқан), «данайд бөшкесін толтыру» (бос іспен айналысу, Айд патшалығында түпсіз ыдысты толтыру жазасы), «бостан бос Сизиф еңбегі» (құдайдың қаһарына ұшыраған Сизиф, ауыр тасты тау басына апара берегенде қайта төмен дөңгелеп кете беретін), «молшылық мүйізі» т.с. с жатқызуға болады. Мұндай мәнге ие болған қолданыстар қазақ мифологиясында да бар. «Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған», - деп Қазығұрт тауының басына Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтағаны жайлы аңызбен байланысты айтылады. Қорқыт өлімнен қашып ел кезіп жүрегінде алдынан көр қазып жатқан адамдар кездесе береді. Олардан: «Кімнің көрі?»,- деп сұраса «Қорқыттың көрі» деп жауап береді. Бұл аңыздың желісі «қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген мәтелге негіз болған. Гректерден сириялықтарға келген аңыздарда Ескендір қос мүйізді болып келеді де, «Зұлқарнайын» («Қос мүйізді») деп аталады. Содан барып оған ерекше күш, айбындық қасиет танылады. Себебі шығыс халықтарының ерте замандағы түсінігі бойынша, адамға біткен мүйіз – ерекше бақыттылықтың, аса бір ерекшеліктің белгісі іспетті. Мұндай түсінік қазақтарда да сақталған. Мысалы: «Сонда шыққан мүйізін қайсы?»-деген тіркес «артықшылығың қайсы?» деген мағынада қолданылады. Сонымен қатар антикалық және қазақ фольклорында мифология мен мифологиялық кейіпкерлер арасында

кездесетін ұқсастықтар қатары өте көп. Атап айтатын болсақ Тебекөз-Полифем, Зевс-Тәңірі, Гера-Ұмай, Пегас-Пырақ, Алпамыс-Одисей, пері қыздары-нимфалар, Қорқыт-Прометей секілді кейіпкерлер мен олардың мифтерде атқаратын қызметі бір-бірімен сарындас болып келеді. Екі халықтың мифологиясы, фольклоры арасындағы ұқсастықтарды жай ғана кездейсоқтыққа балау орынсыз болып көрінеді. Сондықтан да бұл мотивтердің ұқсастықтардың сырын тереңнен іздеу керек. Екі ел фольклорындағы үндестіктер, оқиғалық ұқсастықтар бір – біріне өте жақын. Антикалық грек әдебиеті мен қазақ ауыз әдебиеті арасында сақ, ғұн дәуірі кезінен ақ тарихи әдеби байланыс болған, бұған дәлел ретінде Геродоттың «Тарих» атты еңбегін алсақ болады. Антикалық грек әдебиеті мен қазақ фольклорының оқиғалар жүйесі мен мотивтер, кейіпкерлер образдарының үндестіктері екі ел арасындағы әдебиетті типологиялық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. – Ленинград: Наука, 1979. – 493 с.
2. Қасқабасов С. Елзерде: Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.
3. Гомер. Илиада. – Санкт-Петербург: Азбука-классика, 2008. – 570 стр.
4. Әлмұханова Р. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар. – Алматы: Арыс, 2009. – 320 б.
5. Иманғазин М. Антика әдебиеті. – Астана: Фолиант, 213. – 360 б.
6. Иманғазин М, Молдабаева Ә. Антика әдебиеті және көне дәуірдегі әдеби терминдердің анықтамалығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 214 б.
7. Кун Н.А. ежелгі Греция мифтері мен аңыздары. – Алматы: Мектеп, 1979. – 504 б.
8. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
9. Қорқыт ата: Оғыздардың батырлық эпосы. Аударған Ә.Дербісәлин. – Алматы: Қазақстан, 1993. 64 б.
10. Радциг С.И. История древнегреческой литературы. – Москва: Высшая школа, 1982.
11. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 366 б.
12. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 286 б.
13. ҚРҰҒА.М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Қазақ фольклорының тарихы. Ғылыми еңбектер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1995. 326-б.
14. Сламов А. Троя сұрапылы және оның батырлары. – Алматы: Жалын, 1987. – 252 б.

ЖАС АҚЫНДАР ТУРАЛЫ ТОЛҒАМ

Әзімхан Ардақ, ҚазМемҚызПУ

Бүгін кешегі күн емес, бүгін ертеңгі де күн емес. Бүгін – кешегінің жалғасы, ертеңгінің бастауы. Бүгінгі күнді ең алдымен бүгінгі әдебиет деп қабылдағанымыз абзал. Әдебиет қай заманның ырғағында да, иірімдерін өрнектеп, диттеген жеріне жетіп отырған құбылыстың иесі. Оның бағын ашып, бабын келістірер – дарын. Әдебиет биік оның шоқтығы саналатын – поэзия. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» болғанымен оның жолына түсу және Мұқаң айтпақшы, «ар ақыны» болу алдымен, тума таланттың содан соң еңбектің, уақыттың әміріндегі іс. Қисындысы, өлеңдегі батылдылық, өлеңдегі мінез, көзқарас пен жаңалық, болмыс пен бейне – ақындылықтың алғышарттары әр қаламнан табылып жатса, жазылғандардың жанары жарық болғандығы деп ұққанымыз. Қисынсызы, көп дүниенің қадірі кететіні бар «шөп те өлең, шөңге де өлеңді» аузымызға алмау үшін, ас атпай жатып құлдық деуден әрімін, десе де алдымен келер жас ақындардың бағыт-бағдарына, жазғандарына аса назар аудағанымыз ләзім...

Атан түйеге татырлық аталы сөздің қадыр-қасиетін қанынан дарытып, алпыс екі тамырына таратып, өнегелі өміріне жаратып, асылдық еткен сөз иелері өз ортасынан оза шығып, жақсылықтың жалғасына айналып, ақындық дәстүрді үрдіс еткендер қаншама?! Оның ішінде бергі